

89 мыңнан астам мемлекеттік грант бөлінді: биыл қай мамандықтарға басымдық берілді?



Биыл жоғары білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік тапсырыс көлемі алдыңғы оқу жылдарының деңгейінде сақталып отыр. Бұл туралы Үкімет отырысында Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек мәлімдеді, деп жазады Egemen.kz.

Ол алдағы 2026-2027 оқу жылына 89 457 мемлекеттік грант бөлінгенін атап өтті. Олардың ішінде:

- бакалавриатқа – 75 371;
- магистратураға – 11 007;
- докторантураға – 3 079.

Мемлекеттік тапсырысты бөлу ел экономикасының 2030 жылға дейінгі қажеттілік болжамымен сәйкестендірілген.

«Гранттардың 60%-ы инженерлік-техникалық және ауыл шаруашылығы мамандықтарына, 21%-ы педагог кадрларды даярлауға бағытталған», деп атап өтті Саясат Нұрбек.

Ведомство мәліметінше:

- инженерлік, өңдеу және құрылыс салаларына – 19 250;
- педагогикалық ғылымдарға – 13 738;
- ақпараттық-коммуникациялық технологиялар бойынша – 11 662;
- жаратылыстану ғылымдары, математика және статистикаға – 9 363;
- ауыл шаруашылығы және биоресурстарға – 3 145;
- денсаулық сақтау саласына – 2 700;
- қызметтер бойынша – 2 400;
- өнер және гуманитарлық ғылымдарға – 1 915;
- әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат бойынша – 1 485;
- бизнес, басқару және құқыққа – 1 423;

- ветеринарияға – 1 275 грант бөлінген.

Оған қосымша еліміздің жоғары оқу орындары «Серпін» бағдарламасы аясында кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізіп жатыр. Іс-шаралармен 13 мыңнан астам оқушы, 2 мыңға жуық ата-ана және 700-ден астам кәсіптік бағдар беруші қамтылған.

Осылайша, бүгінде оқушының кәсіби диагностикасынан бастап білім беру бағдарламасын таңдауға және әрі қарай жұмысқа орналасуға дейінгі білім беру навигациясының біртұтас жүйесі қалыптасып отыр.

Айта кетейік, биыл оқу жылын аяқтаған оқушылар саны соңғы 25 жылдағы ең жоғары көрсеткішке жетті.

egemen.kz

Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, №KZ26VPY00026721 куәлігі 09.09.2020 ж. берілген.

Газет айына бір рет шығады. Газет бетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

Zhubanov University облыстық ақпараттық-танымдық газеті

Меншік иесі: ҚР ҒЖБМ «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Басқарма төрағасы-Ректор Лаура Қарабасова

Бас редактор Жадыра Арэн

Аудармашы Айтолқын Әмірхан

Дизайнер: Айнұр Тлешова

Фотограф: Есет Саргузин

Редакцияның мекенжайы: 030000, Ақтөбе қаласы, Ө.Молдағұлова даңғылы, 34 М.Арын атындағы бас ғимарат

E-mail: press@zhubanov.edu.kz Сайт: <http://zhubanov.edu.kz>

Facebook: ZhU oblystyq gazetі

Таралымы: 5000 дана

1997 жылдың 12 наурызынан бастап шығып келеді

Талапкер-2026: маңызды ақпарат және мүмкіндіктер

Жұбанов университеті қабылдау науқанының ерекшеліктері, құжат қабылдау мерзімдері және оқуға түсуге қатысты өзекті мәселелер жайында Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы Гүлжан Есенаманмен сұхбат.

4-5-6 БЕТТЕР

ҰЛЫБРИТАНИЯ ЕЛШІСІ HERIOT-WATT UNIVERSITY КАМПУСЫНЫҢ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ МЕН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫМЕН ТАНЫСТЫ

3-БЕТ

ОПЫТ АКАДЕМИЧЕСКОЙ МОБИЛЬНОСТИ В МАЛАЙЗИИ

7-СТР

ЖУБАНОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ЖАС ҒАЛЫМЫ COURSERA ПЛАТФОРМАСЫНДА АЛҒАШҚЫ АВТОРЛЫҚ ОНЛАЙН КУРСЫН ҰСЫНДЫ

10-БЕТ

Басты жаңалықтар



АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ МЕН ҰЛЫБРИТАНИЯ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫН ТАЛҚЫЛАДЫ

Облыс әкімі Асхат Шахаров Ұлыбританияның Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Салли Аксуорсимен кездесті.

Кездесу барысында тараптар білім беру, экология, туризм, инвестиция және технология салаларындағы ынтымақтастық перспективаларын талқылады.

Елшіні қарсы алған өңір басшысы Асхат Шахаров Ұлыбританияның Қазақстанның маңызды халықаралық серіктестерінің бірі екенін атап өтіп, Ақтөбе облысының британдық компаниялармен және ұйымдармен өзара іс-қимылды кеңейтуге мүдделі екенін жеткізді.

«Біз өңірдің тұрақты дамуына бағытталған бастамалар мен жобаларды қолдауға дайынбыз. Әсіресе туризмді дамыту, гуманитарлық және мәдени байланыстарды нығайту, мәдениетаралық диалогты күшейту және екіжақты қарым-қатынасты кеңейту біз үшін маңызды», – деді облыс әкімі.

Өз кезегінде Салли Аксуорси сөзін қазақ тілінде бастап, кездесу қатысушыларымен амандасты.

Елші Ұлыбританияның Ақтөбе облысымен серіктестікті дамытуға, әсіресе білім беру, стратегиялық маңызды минералдар, технологиялар және инвестициялар саласында қызығушылық танытып отырғанын айтты.

«Біз үшін Heriot-Watt University-дің Ақтөбеде табысты дамып келе жатқанын көру ерекше маңызды. Мен студенттерге жасалған жағдайлармен және оқу процесінің ұйымдастырылуымен таныстым. Бұл – Ұлыбритания мен Қазақстан арасындағы тиімді білім беру ынтымақта-

стығының жарқын үлгісі. Аталған жоба жастарға өз елінен шықпай-ақ халықаралық деңгейдегі британдық білім алуға мүмкіндік береді», – деді Елші.

Сонымен қатар ол стратегиялық маңызды минералдарды өндіру және өңдеу саласындағы ынтымақтастықтың әлеуетіне тоқталып, Ақтөбе облысындағы жобаларды жүзеге асыруға британдық компанияларды тарту мүмкіндіктері қарастырылып жатқанын мәлімдеді.

Тараптар экология және климаттық күн тәртібі мәселелеріне, сондай-ақ «жасыл» технологиялар мен тұрақты даму бағытындағы бірлескен жобаларды іске асыру перспективаларына ерекше назар аударды.

Кездесу қорытындысында тараптар екіжақты ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға дайын екендерін растады.

АКТЮБИНСКАЯ ОБЛАСТЬ И ВЕЛИКОБРИТАНИЯ ОБСУДИЛИ ПЕРСПЕКТИВЫ СОТРУДНИЧЕСТВА

Акким области Асхат Шахаров встретился с Чрезвычайным и Полномочным Послом Великобритании в Казахстане Салли Аксуорси.

В ходе встречи стороны обсудили перспективы сотрудничества в сферах образования, экологии, туризма, инвестиций и технологий.

Приветствуя Посла, глава региона Асхат Шахаров отметил, что Великобритания является одним из важных международных партнёров Казахстана, а Актюбинская область заинтересована в расширении взаимодействия с британскими компаниями и организациями.

«Мы готовы поддерживать инициативы и проекты, направленные на устойчивое развитие региона. Особое значение для нас имеют развитие туризма, гума-

Главные новости

нитарных и культурных связей, укрепление межкультурного диалога и расширение двусторонних контактов», – подчеркнул аким области.

В свою очередь Салли Аксуорси начала своё выступление на казахском языке, поприветствовав участников встречи. Посол отметила заинтересованность Великобритании в развитии партнёрства с Актюбинской областью, особенно в сферах образования, критически важных минералов, технологий и инвестиций.

«Для нас особенно важно видеть, как британский университет Heriot-Watt University успешно развивается в Актюбе. Я ознакомилась с условиями, созданными для студентов, и организацией учебного процесса. Это яркий пример эффективного образовательного сотрудничества между Великобританией и Казахстаном, который открывает молодёжи возможность получать британское образование международного уровня, не покидая своей страны», – подчеркнула Посол.

Также она отметила перспективы сотрудничества в сфере добычи и переработки критически важных минералов и сообщила, что рассматриваются возможности привлечения британских компаний к реализации проектов в Актюбинской области.

Стороны уделили особое внимание вопросам экологии и климатической повестки, а также перспективам реализации совместных проектов в сфере «зелёных» технологий и устойчивого развития.

По итогам встречи стороны подтвердили готовность к дальнейшему укреплению двустороннего сотрудничества.

Ақтөбе облысы әкімдігінің Баспасөз қызметі

Басты жаңалықтар

Главные новости

Main news



ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСТЕ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

Ғылыми кеңестің кезекті отырысында университеттің әлеуметтік және жастар саясатының жүзеге асырылу мәселелері қаралды. Жиын барысында Басқарма мүшесі, Әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі проректор Нарқозы Қартжан 2025–2026 оқу жылында атқарылған тәрбие жұмыстарының нәтижелері, әлеуметтік бастамалардың тиімділігі және мемлекеттік идеологиялық бағамдықтың университеттің тәрбие мазмұнды баяндама жасады. Баяндамада білім алушылардың азаматтық жауапкершілігін қалыптастыру, құқықтық мәдениетін арттыру, әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ету және жастардың құндылықтық бағдарларын нығайту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілгені атап өтілді.

«Заң және тәртіп» тұжырымдамасы аясында құқық қорғау органдары өкілдері және менторлар институтының бірлесе жүргізген профилактикалық жұмыстары нәтижесінде білім алушылар арасындағы құқықбұзушылық көрсеткішінің төмендеуі тіркеліп, университеттің қауіпсіз әрі қолайлы әлеуметтік-психологиялық ортасын қалыптастыруға оң ықпал еткені айқындалды.

«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы шеңберінде университет қауымдастығының белсенді қатысуымен 2500 тоннаға жуық қағаз қалдықтары тапсырылып, 6500 тонна пластик қайта өңдеуге жіберілді. Сондай-ақ, 8500 шаршы метр аумақ жерге санитарлық тазалу жұмыстары жүргізіліп, 200 түп ағаш отырғызылды.

Сонымен қатар, 30 студенттік клуб пен ұйымның қызметі білім алушылардың университет ортасына бейімделуіне, олардың белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыруға және жан-жақты дамуына ықпал ететін тәрбие жұмысының маңызды әрі тиімді үлгісі ретінде танылды.

Ғылыми кеңес қорытындысында жүргізілген әлеуметтік және тәрбие жұмыстарының тиімділігі сараланып, жастар

саясатының институционалдық тетіктерін жетілдіру, білім алушылардың әлеуметтік әл-ауқатын қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастырудың басым бағыттары белгіленді.

НА УЧЕНОМ СОВЕТЕ ПОДВЕДЕНЫ ИТОГИ ВОСПИТАТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ

На очередном заседании Ученого совета были рассмотрены вопросы реализации социальной и молодежной политики университета. В ходе совещания член Правления, проректор по социальной и воспитательной работе Наркозы Картжан выступил с содержательным докладом о результатах проводимой воспитательной работы в 2025–2026 учебном году, об эффективности социальных инициатив и интеграции государственных идеологических приоритетов в образовательное пространство вуза.

В докладе отмечено, что проведена системная работа по формированию гражданской ответственности обучающихся, повышению правовой культуры, обеспечению социальной адаптации и укреплению ценностных ориентаций молодежи.

В результате совместной профилактической работы, проведенной представителями правоохранительных органов и института наставников в рамках концепции «Закон и порядок», было установлено снижение уровня преступности среди студентов, что положительно способствовало формированию безопасной и благоприятной социально-психологической среды в университете.

В рамках республиканской экологической акции «Таза Қазақстан» при активном участии Ассоциации университета сдано около 2500 тонн бумажных отходов и направлено на переработку 6500 тонн пластика. Кроме того, были проведены санитарно-гигиенические работы на площади 8500 квадратных метров и высажено 200 деревьев.

Кроме того, деятельность 30 студенческих клубов и организаций признана важной и эффективной моделью воспитательной работы, способствующей адаптации обучающихся к университет-

ской среде, формированию их активной гражданской позиции и всестороннему развитию.

По итогам Ученого совета была проанализирована эффективность проведенной социально-воспитательной работы, определены приоритетные направления системного продолжения работы по совершенствованию институциональных механизмов молодежной политики, обеспечению социального благополучия студентов.

ACADEMIC COUNCIL REVIEWS OUTCOMES OF EDUCATIONAL AND SOCIAL WORK

At the latest meeting of the Academic Council, issues related to the implementation of the university's social and youth policy were discussed. During the session, Narkozy Kartzhan, Member of the Management Board and Vice-Rector for Social and Educational Affairs, presented a substantive report on the results of educational activities in the 2025–2026 academic year, the effectiveness of social initiatives, and the integration of state ideological priorities into the university's educational environment.

The report highlighted that systematic work has been carried out to develop students' civic responsibility, enhance legal awareness, ensure social adaptation, and strengthen value-based orientations among youth.

As a result of joint preventive efforts conducted by law enforcement agencies and the mentoring system within the framework of the "Law and Order" concept, a reduction in student-related offenses was recorded, contributing to a safer and more favorable socio-psychological environment at the university.

Within the national environmental campaign "Taza Kazakhstan," and with the active participation of the university association, approximately 2,500 tons of paper waste and 6,500 tons of plastic waste were collected and sent for recycling. In addition, sanitation activities were carried out across an area of 8,500 square meters, and 200 trees were planted.

Furthermore, the activities of 30 student clubs and organizations were recognized as an important and effective model of educational work, contributing to students' adaptation to university life, the development of civic engagement, and their overall personal growth.

Following the Academic Council meeting, the effectiveness of the implemented social and educational work was reviewed, and priority directions were identified for the continued development of institutional youth policy mechanisms and the improvement of students' social well-being.

Жұбанов университетінің Баспасөз қызметі

Басты жаңалықтар

Главные новости

Main news

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Жұбанов университетінде жоғары білім беру жүйесіндегі деректерге негізделген шешім қабылдау мәселелеріне арналған «Жоғары оқу орындарындағы сапаны қамтамасыз ету: мүдделі тараптардың тәжірибесін жақсарту үшін деректерді тиімді пайдалану» тақырыбындағы IV институционалдық зерттеулер форумы өтті.

Форум Nazarbayev University, KIMEP University, SDU, UIB, QyzPU және DKU сынды университеттерді біріктіретін институционалдық зерттеушілердің кәсіби қауымдастығымен бірлесіп ұйымдастырылды. Форумға қатысқан еліміздің батыс өңіріндегі жоғары оқу орындары қатарында Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті бар.

Форум барысында институционалдық зерттеулерді дамыту, деректер негізінде басқарушылық шешімдер қабылдау, білім сапасын арттыру және халықаралық тәжірибені жоғары оқу орындарының қызметіне енгізу мәселелері кеңінен талқыланды.

Қатысушылар қазіргі таңда деректерді талдау мен тиімді пайдалану университеттердің стратегиялық дамуының маңызды құралына айналып отырғанын атап өтті. Бұл білім беру ұйымдарына қоғамның өзгермелі талаптарына бейімделуге және бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді.



ОБСУЖДЕНА ВОПРОСЫ ОБЕСПЕЧЕНИЯ КАЧЕСТВА В ВЫСШИХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЯХ

В университете имени Жубанова состоялся IV Институциональный исследовательский форум на тему «Обеспечение качества в высших учебных заведениях: эффективное использование данных для улучшения взаимодействия с заинтересованными сторонами».

Форум был организован совместно с профессиональным сообществом институциональных исследователей, объединяющим такие университеты, как Nazarbayev University, KIMEP University, SDU, UIB, QyzPU и DKU. Среди вузов западного региона страны, принявших участие в форуме, были Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Атырауский университет имени Халела Досмұхамедова и Западно-Казахстанский медицинский университет имени Марата Оспанова.

На форуме широко обсуждались вопросы развития институциональных исследований, принятия управленческих решений на основе данных, повышения качества образования и внедрения международного

опыта в деятельность высших учебных заведений.

Участники отметили, что анализ данных и их эффективное использование в настоящее время становятся важнейшим инструментом стратегического развития университетов. Это позволяет образовательным учреждениям адаптироваться к меняющимся требованиям общества и повысить свою конкурентоспособность.

QUALITY ASSURANCE IN HIGHER EDUCATION DISCUSSED AT UNIVERSITY FORUM

The 4th Institutional Research Forum titled «Quality Assurance in Higher Education Institutions: Effective Use of Data to Enhance Engagement with Stakeholders» was held at Zhubanov University.

The forum was organized in collaboration with the professional community of institutional researchers, which includes universities such as Nazarbayev University, KIMEP University, SDU University, University of International Business (UIB), QyzPU, and DKU. Participants from Western Kazakhstan included Sh. Yessenov Caspian University of Technology and Engineering, Kh. Dosmukhamedov Atyrau University, and Marat Ospanov West Kazakhstan Medical University.

The forum focused on the development of institutional research, data-driven decision-making, improving the quality of education, and integrating international best practices into higher education institutions.

Participants emphasized that data analysis and its effective application have become essential tools for the strategic development of universities. This approach enables higher education institutions to adapt to changing societal demands and enhance their overall competitiveness.

Жұбанов университетінің
Баспасөз қызметі



Басты жаңалықтар

Главные новости

ҰЛЫБРИТАНИЯ ЕЛШІСІ HERIOT-WATT UNIVERSITY КАМПУСЫНЫҢ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ МЕН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫМЕН ТАНЫСТЫ

Қазақстандағы Ұлыбританияның елшісі Салли Аксуорси университетке жұмыс сапарымен келді. Кездесу барысында ол университеттің ғылыми-зерттеу әлеуетімен, халықаралық академиялық серіктестік бағыттарымен және заманауи инфрақұрылымымен танысты. Сонымен қатар білім алушылармен кездесіп, академиялық ұтқырлық, Ұлыбританиядағы тағылымдамалар және бірлескен ғылыми-зерттеу жобалары мәселелерін талқылады.

Ректор Лаура Қарабасова Heriot-Watt кампусының білім беру жүйесі Ұлыбританияның жоғары білім беру стандарттарына сәйкес екендігін атап өтті. Сондай-ақ университеттің халықаралық серіктестік байланыстарды кеңейтуге және жаңа академиялық серіктестік жобаларды жүзеге асыруға әрдайым ашық екендігін жеткізді.

Салли Аксуорси алдағы уақытта білім алушылардың сұранысын ескере отырып, Қазақстандағы британдық өндірістік кәсіпорындарда тәжірибеден өту мүмкіндіктерін кеңейтуге жан-жақты қолдау көрсетілетінін жеткізді.

Heriot-Watt университетінің Ақтөбедегі кампусы «Электр энергетикасы», «Компьютерлік инженерия», «Мұнай инженериясы және энергия менеджменті» бағыттары бойынша білім береді. Дәрістерді Шотландия, Дубай, Малайзиядан келген жоғары білікті оқытушылар мен халықаралық жоғары оқу орындарының түлектері жүргізеді.

Қазіргі таңда кампуста 500-ден астам студент білім алады. Олардың қатарында Қазақстанның әр өңірінен, соның ішінде республикалық маңызы бар қалалардан, ауылдық жерлерден, көрші мемле-



кеттерден және алыс шетелдерден келген студенттер бар.

Ақтөбедегі кампустың артықшылығы – студенттердің GoGlobal академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында Дубай, Малайзия және Эдинбургтағы кампуста бір семестр білім алуға мүмкіндігі бар. 2024-2025 оқу жылында 12 білім алушы Малайзияда, 4 білім алушы Эдинбургта оқып келсе, 2025-2026 оқу жылының бірінші жартыжылдығында Малайзияда 14 студент білім алды.

Heriot-Watt түлегі оқуды бітірген соң британдық және мемлекеттік үлгідегі қос диплом алады. Бұл оның бәсекеге қабілетті кадр ретінде еңбек нарығындағы рөлін айшықтайды.

ПОСОЛ ВЕЛИКОБРИТАНИИ ОЗНАКОМИЛАСЬ С ИНФРАСТРУКТУРОЙ И ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПРОГРАММАМИ КАМПУСА HERIOT-WATT

Посол Великобритании в Казахстане Салли Аксуорси побывала в университете в рамках рабочей поездки. В ходе встречи она ознакомилась с научно-исследовательским потенциалом вуза, направлениями международного академического сотрудничества и современной инфраструктурой. Также встретилась с обучающимися, где были обсуждены вопросы академической мобильности, стажировок в Великобритании и совместных научно-исследовательских проектов.

Ректор Лаура Карабасова отметила, что система образования кампуса Heriot-Watt соответствует стандартам высшего образования Великобритании. Она также подчеркнула, что университет всегда открыт для расширения международных партнерских связей и реализации новых проектов академического партнерства.

Салли Аксуорси отметила, что в дальнейшем будет оказана всесторонняя поддержка в расширении возможностей прохождения практики на британских производственных предприятиях в Казахстане с учетом потребностей обучающихся.

Кампус университета Heriot-Watt в Актобе предоставляет знания по направлениям: «Электроэнергетика», «Компьютерная инженерия», «Нефтяная инженерия и энергетический менеджмент». Лекции ведут высококвалифицированные преподаватели и выпускники международных вузов из Шотландии, Дубая, Малайзии.

В настоящее время в кампусе обучается более 500 студентов, среди которых студенты из разных регионов Казахстана, в том числе из городов республиканского значения, сельской местности, соседних государств и дальнего зарубежья.

Преимущество кампуса в Актобе заключается в том, что студенты имеют возможность пройти семестр обучения в кампусах Дубая, Малайзии и Эдинбурга в рамках программы академической мобильности GoGlobal.

В 2024-2025 учебном году 12 студентов обучались в Малайзии, 4 студента – в Эдинбурге, а в первой половине 2025-2026 учебного года в Малайзии обучались уже 14 студентов.

Выпускник Heriot-Watt по окончании обучения получает двойной диплом британского и государственного образцов, что подчеркивает его роль на рынке труда как конкурентоспособного специалиста.

gov.kz



☑ Талапкер - 2026

Саналы таңдау - сәтті болашақтың кепілі

Биылғы мектеп бітіруші түлектер үшін алда жауапты әрі маңызды кезең тұр. Ұлттық бірыңғай тестілеуден кейін мамандық таңдап, жоғары оқу орнына құжат тапсыру әр талапкердің болашағын айқындайтын шешімдердің бірі. Осыған байланысты талапкерлер мен олардың ата-аналарын қабылдау науқанының ерекшеліктері, грантқа түсу мүмкіндіктері, құжат қабылдау мерзімдері және тағы басқа оқуға түсуге қатысты өзекті мәселелер қызықтыратыны анық.

Осы сұрақтарға жауап алу мақсатында Жұбанов университетінің Қабылдау және мансаптық даму департаменті Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы Гүлжан Есенаман Есетқызымен сұхбаттасқан едік.



Биылғы қабылдау комиссиясының жұмысында қандай ерекшеліктер бар? Сондай-ақ шекті балдарға толығырақ тоқталып өтсеңіз.

Биылғы қабылдау комиссиясының жұмысында айтарлықтай өзгерістер жоқ. Жылдағыдай талапкерлерден құжат қабылдау және білім беру гранты конкурсына қатысу үдерістері толықтай цифрландырылған. Құжаттарды қабылдау комиссиясы арқылы да, электрондық үкімет порталы арқылы да тапсыруға мүмкіндік қарастырылған.

Ал шекті балдарға тоқталатын болсақ, биыл университетіміздің бірқатар білім беру бағдарламалары бойынша

талаптары күшейтілді деуге болады. Педагогикалық бағыттағы мамандықтар үшін шектік балл өзгеріссіз қалып, грант конкурсына қатысуға да, ақылы бөлімге түсуге де 75 балл болып белгіленді. Ал басқа білім беру бағдарламалары бойынша шекті балдар мамандық ерекшеліктеріне қарай әртүрлі деңгейде бекітілген.

Сонымен қатар университет талантты талапкерлерді қолдау мақсатында белгілі бір жеңілдіктер қарастырған. Атап айтқанда, «Алтын белгі» иегерлері, халықаралық және республикалық олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері ақылы бөлімге жеңілдетілген шарттармен түсе алады. Бұл санаттағы талапкерлер үшін «6B01 - Педагогикалық ғылымдар» және «6B042-Құқық» бағыттары бойынша шекті балл – 75 болса, қалған білім беру бағдарламаларына түсу үшін шекті балл 50 болып белгіленген.

Шекті балдар мен қабылдау талаптары туралы толық ақпаратты университеттің Instagram парақшасынан және zhubanov.edu.kz ресми сайтынан алуға болады.

Құжат қабылдау мерзімі қашан басталып, қашан аяқталады?

Құжат қабылдау мерзімі жылдағыдай дәстүрлі түрде 20 маусымнан 25 тамызға дейін жалғасады. Ал білім беру гранты



конкурсына қатысу үшін құжаттар 13-20 шілде аралығында қабылданады. Осы кезеңде қабылдау комиссиясы талапкерлерге қолайлы жағдай жасау мақсатында демалыссыз және үзіліссіз жұмыс істейді.

Қазіргі таңда университетте 2026-2027 оқу жылына арналған қабылдау науқанына дайындық жұмыстары басталып, қажетті ұйымдастыру және ақпа-

раттық-түсіндіру шаралары жүргізілуде. Сондықтан талапкерлерге құжат тапсыру мерзімдерін алдын ала жоспарлап, қажетті құжаттарын уақытылы дайындауға кеңес береміз.

Биыл қанша грант бөлінді?

Бұл жерде бір маңызды мәселені атап өткен жөн: мемлекеттік білім гранттары нақты университеттерге емес, білім беру бағдарламалары мен мамандықтар бойынша бөлінеді. Сондықтан грант саны әрбір жоғары оқу орнына талапкерлердің таңдауы мен конкурс нәтижесіне сәйкес қалыптасады.

2026–2027 оқу жылына республика бойынша жалпы 89 457 мемлекеттік білім гранты бөлінді. Оның ішінде бакалавриат деңгейіне - 75 371, магистратураға - 11 007, докторантураға - 3 079 грант қарастырылған.

Гранттардың басым бөлігі еліміздің экономикасы мен еңбек нарығында сұраныс жоғары бағыттарға бөлінген. Атап айтқанда, гранттардың шамамен 60 пайызы инженерлік-техникалық және ауыл шаруашылығы салаларына, ал 21 пайызы педагогикалық кадрларды даярлауға бағытталған. Нақтырақ айтсақ, инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары бойынша - 19 250, педагогикалық мамандықтарға - 13 738, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар бағыттарына - 11 662, жаратылыстану ғылымдары, ма-

тематика және статистика салаларына 9 363 грант бөлінді.

Бұл көрсеткіштер мемлекет тарапынан техникалық және педагогикалық мамандықтарға ерекше басымдық беріліп отырғанын көрсетеді. Осы негізде талапкерлер арасында да педагогикалық және инженерлік бағыттарға деген қызығушылықтың тұрақты түрде артып келе жатқанын байқауға болады.

☑ Студент шығармашылығы

Ғаламатым!

*Шер басқанда көңілімді — мұңдасқаным,
Сел басқанда дүниемді — сырласқаным.
Менің Әкем- ғаламатым ғаламдағы,
Жарты ғасыр жазылатын жыр-дастаным.*

*Жолдайды жыр тұла бойы өз тұңғышың
Сенім артқан ең алапат сізде күшім,
Маңдайына шаң-тозаң тимесін деп,
Маңдай терді төгіп жүрсіз біздер үшін.*

*Шүкір, баққа әркім біреу таласпады,
Тәрбием мен талантымның жарасқаны.
Қанша ұшар шыңдарға өрлесем де,
Арқаңа асылғаннан әрі аспады.*

*Ірі тұлғам өзіңсің ғасырда шын,
Адамдықтың адал асын татырғасын.
Эвересттің биіктігі бүйірде тұр,
Себебі Әке, сен менің қасымдасың!*

АҒА

*Тек өзіңе бой түзейді қарап інің,
Қоса қақтым қағысымен қанатының.
Еліктегім келмейді ешбіреуге,
Себебі мен ағамның фанатымын.*

*Тұзу жолға тура қойып, дараладың,
Үлгі қылып ізгіліктің бар амалын.
Саған қарап басам аяқ адымымды,
Сендер аман болыңдар - ағаларым!*

*Қорғандарым болмағанда қайтер едім,
Тұлғаңды АҒА, бір батырға сай көремін.
Менің-ағам қиық жұтау қайың емес,
Ғаламаттан кейін тұрған бәйтерегім.*

*Әрбір ағам алпауытым, маған дара,
Ізіңе ерген інің үшін алаңдама.
Саған арнап бір ескерткіш тұрғызар ем,
Қолымда тек ақ қағаз бен қалам ғана.*

*Қыңсылатқан қаңғы дала қорқауларын,
Дүшпандарды Құдай сеннен оқшаулағын.
Мен әзірге маймақ табан бөлтірікпін,
Алшаң басып, жорта берші-
КӨКЖАЛДАРЫМ!*

Жоқ адамға

*Көрсем де сұлуларды талай жерден,
Көріп тұрмын сен сияқты арайды өнген.
Жаратқаным сұлулықты үйіп-төгіп,
Анашыңның құрсағына қалай берген?*

*Өзің болсаң бұл өлеңім несі мұңды?!
Кешіккенді үйретті өмір кешіруді.
Құдай болсам көк аспанға ойланбай-ақ,
Бұлттан жазып қояр едім есіміңді.*

*Келіп едің кезге дейін мұң шақтырып,
Жығылғанға жұдырық боп — ынсап қылық.
Енді ғайып болмау үшін жұлдыздарды,
Мойыныңа тізейінші моншақ қылып.*

*Биік екен сезімнің бұл — мұнарасы,
Мұнараның айдан анық құламасы.
Ұзағынан сүйіндірсін біздердегі,
Махабаттың шым-шытырық драмасы.*

*Есіміңді қосқаннан соң қанықты-өлең,
Жанарыңнан жарқылдаған жарық көрем.
Күн үстінде поэзияға малынасың,
Айдың өзін саусағыңа тағып берем!*

*Асықпаймын тағдырымды мұңлы етуге,
Асықпайды көкейімнен жыр кетуге..
"Қиқуымен оралар"- деп мені күтіп,
Жалғыз Аққу жүрген шығар көл бетінде...
Жүрген шығар менің музам жер бетінде..)*

**Гайдар Сағиев,
филология факультетінің студенті**



✓ **Үлттық мұра**

ДӘСТҮР МЕН ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ ҮНДЕСТІГІ



Ақтөбедегі Өнер орталығында Жұбанов университетінің «Көркем өнер және дизайн» кафедрасының аға оқытушысы, Қазақстан Республикасы Еуразиялық дизайнерлер одағының мүшесі Қонысбек Қоблановтың «Дәстүрлі қолөнер мен цифрлық дизайнның

дайындау үдерісін айтарлықтай жеңілдетіп, сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

— Бұрын ұлттық қолөнер бұйымдарын жасау көп уақыт пен еңбекті қажет ететін. Қазіргі таңда лазерлік және фрезерлік станоктардың көмегімен



үндестігі» атты жеке көрмесі өтті.

Көрмеде ұлттық қолөнердің заманауи технологиялармен ұштасқан жаңа үлгілері көпшілік назарына ұсынылды. Шебердің туындылары дәстүрлі қазақ қолөнерінің мәнін сақтай отырып, цифрлық дизайн мүмкіндіктері арқылы жаңаша сипат алған.

Қолөнершінің айтуынша, қазіргі технологиялар ұлттық бұйымдарды

бұл жұмыстар әлдеқайда жеңілдеді. Бір ай уақыт кететін жұмысты екі аптада аяқтауға болады. Арнайы бағдарламалар арқылы өлшемдер мен ою-өрнектерді дәл түсіруге мүмкіндік бар. Уақытты үнемдеу, сапалы өнім шығару және нақты өлшеммен жұмыс істеу тұрғысынан цифрлық дизайнның мүмкіндігі мол, — дейді Қонысбек Қобланов.

Көрмеге шебердің студенттермен бірлесе жасаған жұмыстары, бесік үлгілерінің бірнеше түрі қойылды. Олардың қатарында жиналмалы, жолға алып жүруге ыңғайлы және тұрмыстық қолданысқа бейімделген заманауи бесіктер бар. Өрбір бұйымда ұлттық нақыш пен практикалық қолданыс үйлесім тапқан.

Қонысбек Қобланов Жұбанов университетінде 1992 жылдан бері еңбек етеді. Осы жылдар ішінде талай шәкірт тәрбиелеп, ұлттық қолөнердің қыр-сы-

ганин ауданының Жарқамыс ауылында ядролық сынақтарға қарсылық белгісі ретінде орнатылған ескерткіштің жасалуына үлес қосты.

Суретші-дизайнер Ұлы Отан соғысының 65 жылдығына орай салынған «Батырлар алаңы» ескерткіштер кешеніндегі Ақтөбе батырларының барельефтері мен безендіру жұмыстарына, «Қуғын-сүргін» ескерткішін және Бөкенбай батыр барельефін жасауға қатысқан.

Қонысбек Қобланов – республикалық және халықа-



рын жастарға үйретіп келеді. Бүгінде ол студенттерге «Сәндік қолөнердегі ағаш өңдеу» және «Компьютерлік графика» пәндерінен дәріс береді. Ұстаздың шығармашылық және қоғамдық қызметі де ауқымды. Оның қатысуымен Ақтөбе облысының бірнеше ауданындағы музейлердің көркем безендірілуі жүзеге асырылды. Сонымен қатар Бай-

ралық шығармашылық олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін дайындаған тәжірибелі жетекші. Сонымен бірге бейнелеу өнері мен дизайн саласындағы өзекті мәселелерге арналған 15-тен астам ғылыми мақаланың авторы.

Ж.Арен



Биыл білім беру бағдарламалары тізіміне жаңа бағыттар немесе жаңа мамандықтар қосылды ма?

Биыл университетіміздің білім беру бағдарламалары тізіміне жаңа мамандықтар қосылған жоқ. Керісінше, білім беру бағдарламаларының сапасын арттыру және еңбек нарығының сұранысына сәйкес оңтайландыру мақсатында кейбір мамандықтарға қабылдау тоқтатылатын болады. Солардың бірі - бакалавриат деңгейіндегі «Клиникалық психология» білім беру бағдарламасы.

Мұндай өзгерістер жоғары білім беру жүйесінде кезең-кезеңімен жүргізіліп отырады және олар білім беру бағдарламаларына қойылатын талаптардың

нұсқасын, 075-У нысанындағы медициналық анықтаманы, 063 егу картасын, жеке куәлік көшірмесін, ҰБТ сертификатын тапсырады. Сонымен қатар, «Педагогикалық ғылымдар» білім беру бағдарламаларына түсушілер үшін ведомостан үзінді қажет. Грант иегерлері мемлекеттік білім гранты тағайындалғаны туралы куәлікті және грантта көрсетілген жеңілдіктерді растайтын құжаттарды ұсынады. Ал ақылы негізде оқуға түсетін талапкерлер оқу ақысының 30 пайызын төлеуі тиіс.

Сондай-ақ талапкерлерде электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) болуы қажет. Себебі оқуға қабылдау барысында университет пен білім алушы арасында

электрондық үкімет порталы арқылы да тапсыра алады.

Онлайн жүйенің басты артықшылығы - талапкердің таңдаған жоғары оқу орны орналасқан қалаға арнайы баруының қажеті жоқ. Мәселен, талапкер Ақтау қаласында тұрып, Жұбанов университетіне түсуге грант конкурсына қатысқысы келсе, өтінімін өз өңіріндегі қабылдау комиссиясы арқылы немесе электронды форматта тапсыра алады. Ол үшін міндетті түрде Ақтөбе қаласына келудің қажеті жоқ.

Яғни грант конкурсына өтінім беру барысында талапкерлер еліміздің кез келген өңірінен өздеріне ыңғайлы тәсілмен құжаттарын жолдай алады. Бұл уақыт пен қаражатты үнемдеуге, сондай-ақ қабылдау процесінің ашық әрі қолжетімді болуына мүмкіндік береді.

Ал грант нәтижелері жарияланып, талапкер университет студенті атанғаннан кейін оқуға қабылдау рәсімдерін аяқтау үшін университетке келіп, қажетті құжаттардың түпнұсқаларын тапсырады. Осы кезеңде білім алушыны оқуға қабылдау туралы бұйрық рәсімделіп, университетпен келісімшарт жасалады.

Шығармашылық бағыттағы мамандықтарды таңдаған талапкерлерге қойылатын талаптар мен емтихандар туралы айтып өтсеңіз.

Шығармашылық бағыттағы білім беру бағдарламаларын таңдаған талапкерлер үшін қабылдау тәртібі басқа мамандықтардан біршама ерекшеленеді. Атап айтқанда, олар ҰБТ-ны екі пән бойынша тапсырады. Бұл пәндер – Қазақстан тарихы және оқу сауаттылығы. ҰБТ нәтижесі бойынша Қазақстан тарихынан кемінде 5 балл, ал оқу сауаттылығынан кемінде 3 балл жинауы қажет.

Алайда шығармашылық мамандықтарға түсу кезінде негізгі басымдық талапкердің шығармашылық қабілетін бағалауға беріледі. Сондықтан ҰБТ-дан кейін талапкерлер университет базасында өткізілетін екі кезеңнен тұратын шығармашылық емтихан тапсырады. Өр шығармашылық емтиханның ең жоғары көрсеткіші - 50 балл. Яғни талапкер шығармашылық емтихандардан жалпы 100 балға дейін жинай алады.

Шығармашылық емтихандардың мазмұны таңдалған білім беру бағдарламасына байланысты әртүрлі болады. Мысалы, талапкерлердің кәсіби дайындығы, шығармашылық ойлау қабілеті,



жаңаруы, кадрларға деген сұраныстың өзгеруі, сондай-ақ салалық нормативтік талаптармен байланысты. Сондықтан университет білім беру бағдарламаларының өзектілігін тұрақты түрде саралап, еңбек нарығында сұранысқа ие бағыттарды дамытуға басымдық береді.

Жалпы алғанда, университетте талапкерлер үшін педагогикалық, техникалық, жаратылыстану, ақпараттық технологиялар, экономика, құқық және гуманитарлық бағыттар бойынша кең ауқымды білім беру бағдарламалары сақталып отыр. Сондықтан талапкерлер өз қызығушылықтары мен болашақ кәсіби мақсаттарына сәйкес мамандық таңдауға толық мүмкіндік алады.

Университетке түсу үшін талапкерлер қандай құжаттарды тапсыруы қажет?

Университетке түсу үшін қажетті құжаттарды екі кезеңге бөліп қарастыруға болады. Біріншісі - мемлекеттік білім гранты конкурсына қатысу үшін тапсырылатын құжаттар, екіншісі - университетке оқуға қабылдану үшін қажетті құжаттар.

Мемлекеттік білім гранты конкурсына құжаттар 13-20 шілде аралығында қабылданады. Бұл кезеңде талапкерлерден білімі туралы құжаттың түпнұсқасы немесе көшірмесі, жеке куәлік көшірмесі, 3×4 көлеміндегі фотосурет, ҰБТ сертификаты және жеңілдетілген санатқа жататын жағдайда оны растайтын құжаттар талап етіледі.

Ал университетке оқуға түсу үшін талапкерлер білімі туралы құжаттың түп-

келісімшарт жасалады. Біздің университетте бұл процесс толықтай электронды форматта жүзеге асырылады. Егер талапкер 18 жасқа толмаған болса, келісімшартқа оның ата-анасы немесе заңды өкілі өз ЭЦҚ-сы арқылы қол қояды. Ал 18 жасқа толған талапкерлер құжаттарға өздерінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қояды.

Сондықтан талапкерлер мен олардың ата-аналарына құжат тапсыру кезеңіне дейін ЭЦҚ-ларын алдын ала дайындап қоюға кеңес береміз.

Онлайн құжат тапсыру жүйесі қалай жұмыс істейді?

Жоғарыда атап өткенімдей, бүгінде талапкерлерден мемлекеттік білім гранты конкурсына қатысу, құжат қабылдау үдерістері толықтай цифрландырылған. Талапкерлер құжаттарын дәстүрлі түрде қабылдау комиссиясы арқылы да,



2026 ТАЛАПКЕР КҮНТІЗБЕСІ

10	маусым - шілде	Heriot ҰБТ
20	маусым - тамыз	ЖОО-ға құжаттарды қабылдау
20	маусым - тамыз	«Педагогикалық ғылымдар» және «Денсаулық сақтау мамандықтарына түсушілер үшін арнайы емтихандар өткізу»
20	маусым - тамыз	Шығармашылық емтихандарға қатысу үшін өтініштер қабылдау
7	шілде - тамыз	Шығармашылық емтихандарды өткізу
13	шілде - шілде	Білім беру гранттары конкурсына қатысуға өтініштер қабылдау
10	тамызға дейін	Грант иегерлерінің тізімін жариялау

орындаушылық шеберлігі, сурет салу немесе арнайы практикалық дағдылары бағаланады.

Бұған қоса, шығармашылық бағыттар бойынша кейбір талапкерлерге арнайы жеңілдіктер қарастырылған. Атап айтқанда, «B005-Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламалары тобы бойынша «Спорт шебері» атағы бар талапкерлер үшін ҰБТ-ның төменгі шекті балы кемінде 10 балл болып белгіленген. Ал «B007 - Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламалары тобы бойынша көркемсурет мектептерінің түлектері үшін төменгі шекті балл кемінде 15 балды құрайды. Бұл ретте талапкерлер өздерінің аталған жетістіктерін растайтын құжаттардың түпнұсқаларын қабылдау комиссиясына міндетті түрде ұсынуы қажет.

Сондай-ақ шығармашылық бағыттар бойынша шекті балдар білім беру бағдарламасына қарай өзгереді. Сондықтан талапкерлерге емтихан талаптарымен және бағалау критерийлерімен алдын ала танысып, дайындық жұмыстарын ертерек бастауды ұсынамыз.

Heriot-Watt University Ақтөбе кампусына құжат қабылдау үдерісінің ерекшеліктері бар ма?

Heriot-Watt University Ақтөбе кампусына қабылдау үдерісінің жалпы тәртібі мен мерзімдері басқа білім беру бағдарламаларымен бірдей жүзеге асырылады. Құжат қабылдау мерзімдері, грант конкурсына қатысу тәртібі және негізгі талаптар ортақ ережелерге сәйкес жүргізіледі.

Дегенмен, бұл білім беру бағдарламаларына түсудің өзіндік ерекшелігі бар. Ең басты талаптардың бірі - талапкердің ағылшын тілін меңгеру деңгейін растауы. Ол үшін IELTS халықаралық сертификаттың кемінде 5.0 деңгейдегі нәтижесі болуы қажет және әрине ҰБТ нәтижесі - 65-тен кем болмауы тиіс. Таңдау пәндері - математика-физика, математика-информатика.

Егер талапкерде IELTS сертификаты болмаса, алаңдауға негіз жоқ. Университет талапкерлер үшін ағылшын тілін анықтауға арналған тегін ішкі емтихан

ұйымдастырады. Бұл тестілеу айына екі рет өткізіліп, талапкерлер өздерінің тілдік деңгейін растауға мүмкіндік алады.

Сондықтан Heriot-Watt University Ақтөбе кампусына түсуді жоспарлаған талапкерлерге ағылшын тілі бойынша дайындыққа ерекше көңіл бөліп, сертификаттарын алдын ала дайындауға немесе университет ұйымдастыратын тестілеуге қатысуға кеңес береміз. Грант конкурсына құжат тапсыру 13-20 шілде аралығында басталады, барлық талапкерлерді күтетін боламыз!

Қабылдау комиссиясында есте қалған ерекше жағдай болды ма?

Қабылдау комиссиясында әр жыл сайын есте қалатын қызықты жағдайлар болып тұрады. Өйткені талапкерлердің құжат тапсыру кезіндегі эмоциясы әртүрлі - біреуі қатты қобалжып, бір құжатты бірнеше рет тексерсе, енді бірі керісінше, бәрін тез тапсырып, «бәрі дұрыс па екен?» деп қайта-қайта сұрап жатады.

Қабылдау комиссиясында ең есте қалатын сәттердің бірі - грант нәтижелері шыққаннан кейінгі кездесулер. Кейбір талапкерлер грант иегері атанып, университетке құжат тапсыруға келген кезде, ата-аналары алғыс айтып, «баламыздың жолын дұрыс көрсетіп, барлық ақпаратты түсінікті жеткіздіңіздер» деп ризашылығын білдіріп жатады.

Осындай сәттерде тек ресми жұмысты атқарып қана қоймай, бір жас адамның үлкен өмір жолына бағыт беруге аз да болса үлес қосқаныңды сезінесің. Сол кезде ішкі сезімде ерекше қуаныш пен мақтаныш пайда болады. Өйткені әрбір қабылданған студент университет үшін ғана емес, қабылдау комиссиясы үшін де ортақ жетістік.

Жалпы алғанда, қабылдау науқаны тек ресми процесс қана емес, сонымен қатар талапкерлердің үлкен өмір жолына қадам басар алдындағы ерекше әрі есте қаларлық кезеңдердің бірі. Сондықтан ондағы әр күн өз алдына бір шағын оқиға сияқты өтеді.

Талапкерлер жиі қоятын сұрақтар қандай?

Қабылдау комиссиясында талапкерлер тарапынан қойылатын сұрақтар өте әртүрлі болады. Көпшілігі, әрине, мамандықтар, шекті балл, грант мүмкіндігі және құжат тапсыру тәртібі туралы нақты ақпарат сұрайды. Бірақ арасында есте қалатын қызықты сұрақтар да кездесіп жатады.

Мысалы, кейбір талапкерлер «егер грантқа түссем, стипендия бірден беріле ме?» немесе «оқуға қабылданғаннан кейін бірден студент болып кете аламын ба?» деп асығыстықпен сұрап жатады. Ал кейде «ҰБТ-ны қайта тапсырып, балымды көбейтсем, грантты ауыстыра аламын ба?» деген сияқты өте үмітке толы сұрақтар да болады.

Сондай-ақ шығармашылық мамандықтарға қызығатын талапкерлер «егер сурет сала алмасам, бірақ қатты үйренгім келсе, мені қабылдай ма?» деп сеніммен сұрайды. Осындай сәттерде олардың қызығушылығы мен талпынысы анық байқалып тұрады.

2026 КАЛЕНДАРЬ АБИТУРИЕНТА

10	маусым - июль	Основное ЕНТ
20	июнь - август	Прием документов в ВУЗы
20	июнь - август	Проведение специальных экзаменов для поступающих по направлениям «Педагогические науки» и «Здравоохранение»
20	июнь - август	Прием заявлений на участие в творческих экзаменах
7	июль - август	Проведение творческих экзаменов
13	июль - июль	Прием заявок на участие в конкурсе на образовательные гранты
до 10	августа	Объявление списка обладателей грантов

Жалпы алғанда, әр сұрақтың артында талапкердің болашағына деген алаңдаушылығы мен үлкен арманы жатады. Сондықтан біз үшін кез келген сұрақ маңызды және әрқайсысына түсінікті әрі сабырмен жауап беруге тырысамыз.

Мамандық таңдауда қиналып жүрген талапкерлерге не айтасыз?

Мамандық таңдау - әр талапкердің өміріндегі ең маңызды әрі жауапты кезеңдердің бірі. Сондықтан бұл шешімді асықпай, жан-жақты ойланып қабылдаған дұрыс. Ең алдымен талапкерлер өз қызығушылығын, қабілетін және бейімділігін ескеруі қажет. Қандай пәндер жеңіл әрі қызықты екенін, қай салада өзін жақсы сезінетінін анықтап алған жөн.

Сонымен қатар еңбек нарығындағы сұранысты да назарда ұстау маңызды. Қазіргі таңда техникалық, педагогикалық, ақпараттық технологиялар және медициналық бағыттарға сұраныс жоғары. Бірақ ең бастысы - тек сұранысқа қарап емес, өз жүрек қалауымен таңдаған мамандықта адам жақсы нәтижеге қол жеткізеді.

Егер талапкер әлі де шешім қабылдауда қиналса, университеттің қабылдау комиссиясына немесе кәсіби бағдар беруші мамандарға жүгінгені дұрыс. Біз әрбір талапкерге мамандықтардың мазмұны, оқу процесі және болашақ мүмкіндіктері туралы толық ақпарат беруге әрқашан дайынбыз.

Сондықтан басты кеңес - асығыстық жасамау, өзіндік жақсы танып білу және сенімді шешім қабылдау.

Сұхбатыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан: Жадыра АРЕН

Байланыс үшін
Әлия Молдағұлова даңғылы 34,
Бас ғимарат, 102 кабинет
Телефон: 8 776 786 12 85,
8 778 550 91 95
Whats App: 8 747 518 35 83
E-mail:

Қабылдау және кәсіптік бағдар беру бойынша: admissions@zhubanov.edu.kz
Instagram: @zhubanov.admissions

✓ **Білім**

Тіл меңгеру – жаңа мүмкіндіктерге жол

Қ. Жубанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде ағылшын тілі курсының сәтті аяқтаған тыңдаушыларға сертификаттар табыстау рәсімі өтті. Биыл 2025–2026 оқу жылында курстың 5-легін 56 тыңдаушы тәмамдады. Курс ұзақтығы алты айды құрады.

Курс қатысушыларына арнайы сертификаттарды ректор Лаура Қарабасова және Ұлыбританияның Қазақстандағы елшісі Салли Аксүорис табыстап, кәсіби даму жолында сәттілік тіледі.

Университетте профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлердің тілдік құзыреттіліктерін дамыту мақсатында ағылшын тілі курстары 2022 жылдан бері жүйелі түрде ұйымдастырылып келеді. Осы уақыт аралығында Beginner, Elementary, Pre-Intermediate, Intermediate және IELTS деңгейлік топтарында 450-ге жуық профессор-оқытушы мен қызметкер білім алып, ағылшын тілін меңгеру деңгейін арттырды.

Курстар халықаралық деңгейдегі CELTA және IELTS сертификаттарына ие тәжірибелі оқытушылардың жетекшілігімен өткізілуде. Бұл тыңдаушылардың тілдік дағдыларын жетілдіріп қана қоймай, олардың академиялық және ғылыми әлеуетін дамытуға да мүмкіндік беріп отыр.

Ағылшын тілі курстарының нәтижесінде кәсіби біліктілігін арттырған 30 ғалым «Болашақ» халықаралық бағдарламасының «500 ғалым» жобасы аясында



шетелдің жетекші жоғары оқу орындарында ғылыми тағылымдамадан өтті. Атап айтқанда, олар Ұлыбритания, АҚШ және Болгария елдеріндегі Heriot-Watt University, Michigan State University, University of Minnesota, University of Reading, University of Leeds және South-Western University «Neofit Riisky» университеттерінде білімін жетілдірді.

Соның ішінде Ұлыбританиядағы Heriot-Watt University университетінде екі оқытушы, University of Leeds университетінде екі оқытушы, University of Reading университетінде бір оқытушы және University of Sussex университетінде бір оқытушы ғылыми тағылымдамадан өткен.

Сонымен қатар, ағылшын тілі курстары жас оқытушылардың академиялық дамуына оң әсерін тигізіп, олардың ғылыми ізденістеріне жол ашты. Бүгінде 100-ге жуық жас оқытушы еліміздің ұлттық университеттерінің докторантура бағдарламаларына қабылданған.

Тілдік даярлықты жетілдіруге бағытталған мұндай бастамалар университеттің халықаралық білім беру кеңістігіндегі бәсекеге қабілеттілігін арттырып, профессор-оқытушылар құрамының ғылыми-зерттеу қызметін жаңа деңгейге көтеруге ықпал етуде.

Ж.Арен

Турецкий язык – новые возможности и новые горизонты

В современном мире владение иностранными языками становится важной частью профессионального и личного развития. Именно поэтому курсы турецкого языка, организованные нашим университетом, стали для многих преподавателей и сотрудников не только возможностью приобрести новые знания, но и настоящим источником вдохновения.

На протяжении всего обучения нас сопровождал замечательный преподаватель — Шевкет Отен. Благодаря его высокому профессионализму, терпению, доброжелательности и искренней заинтересованности в успехах каждого слушателя изучение языка стало увлекательным и доступным процессом. Шевкет Отен умел создать на занятиях

атмосферу взаимного уважения и поддержки, в которой не страшно было ошибаться, задавать вопросы и делать первые шаги в освоении нового языка.

Особенно хочется отметить его педагогическое мастерство. Даже самые сложные грамматические темы объяснялись понятно и интересно, а практические задания помогали развивать навыки общения и лучше понимать культуру Турции. Каждое занятие проходило в теплой и дружеской обстановке, что способствовало высокой мотивации и желанию продолжать обучение.

Результатом нашей совместной работы стало успешное прохождение итогового тестирования. Все участники курсов смогли подтвердить полученные знания и получить сертификаты, ставшие зачетом.

служеным итогом нескольких месяцев усердной работы.

Выражаем искреннюю благодарность руководству вуза, отделу, организовавшему данные курсы. Особые слова признательности адресуем директору Департамента стратегического развития и международного сотрудничества Аяғановой Аерке Рахымжановне и ведущему специалисту Жукетаевой Салтанат Ерлановне за инициативу, поддержку и высокий уровень организации обучения. Благодаря вашей работе сотрудники университета получили возможность расширить свои профессиональные компетенции, познакомиться с новым языком и культурой, а также открыть для себя дополнительные перспективы для международного сотрудничества и общения.

От всей души благодарим организаторов курсов и нашего уважаемого преподавателя Шевкет Отен за знания, внимание, поддержку и вдохновение. Мы уверены, что полученные навыки станут прочной основой для дальнейшего изучения турецкого языка и укрепления культурных связей между нашими странами.

Teşekkür ederim! Спасибо за ваш труд, терпение и веру в наши возможности!
Кусаметова Г.К.,
к.п.н., доцент кафедры психологии и специальной педагогики



Цифрлық білім

ЖУБАНОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ЖАС ҒАЛЫМЫ COURSERA ПЛАТФОРМАСЫНДА АЛҒАШҚЫ АВТОРЛЫҚ ОНЛАЙН КУРСЫН ҰСЫНДЫ

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің ағылшын және неміс тілдері кафедрасының аға оқытушысы, PhD Асель Утегенова жаһандық Coursera платформа-сында университет тарихындағы алғашқы «Sociolinguistics of a Foreign Language» атты жаппай ашық онлайн курсы (MOOC) сәтті жарыққа шығарды.

Ағылшын тілінде әзірленген бұл курс жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының студенттері мен магистранттарға арналған. Оның негізгі мақсаты – білім алушылардың әлеуметтік лингвистикалық құзыреттілігін қалыптастыру, тіл мен қоғам арасындағы өзара байланысты терең түсіндіру және болашақ мамандардың шетел тілін оқыту барысында әлеуметтік факторларды ескеру дағдыларын дамыту.

Жалпы көлемі 150 сағатты (5 ECTS) құрайтын курс кіріспе бөлім мен алты негізгі модульден тұрады. Бағдарламада әлеуметтік лингвистиканың теориялық негіздері, тілдік вариативтілік пен тұлғалық сәйкестік, тілдік бедел мен тіл және билік арақатынасы, тіл саясаты мен көптілділік тәжірибелері, ағылшын тілінің жаһандық феномен ретіндегі рөлі, сондай-ақ әлеуметтік лингвистиканы шетел тілін оқыту тәжірибесіне енгізу мәселелері қамтылған.

Курс заманауи цифрлық талаптарға сәйкес жасақталған. Онда ықшам бейнедерістер, тереңдетілген оқу материалдары, интерактивті талқылаулар, өзара бағалау жұмыстары мен тест тапсырмалары ен-



гізілген. Сонымен қатар оқу үдерісінде академиялық адалдық, инклюзивтілік және тілдік әртүрлілікке құрмет қағидаттары басты назарға алынған.

Қазіргі таңда курс ресми түрде қолдануға енгізілді.

– 2026 жылғы 15 мамырда Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті базасындағы Жобаларды басқару тобының оқу-әдістемелік бөлім кеңесі президиумы отырысының №9 хаттамалық шешімімен бұл курс ресми түрде мақұлданды. Кеңес қаулысына сәйкес, курс Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушылар үшін жаппай ашық онлайн курс

ретінде пайдалануға ұсынылды, – дейді курс авторы Асель Утегенова.

Айта кету керек, Асель Утегенова – Жұбанов университетінің түлегі әрі бүгінде осы білім ордасында жемісті еңбек етіп жүрген жас ғалым. Оның Scopus халықаралық дерекқорындағы Хиш индексі – 3. Сонымен қатар ол ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің жас ғалымдарға арналған гранттық қаржыландыру бағдарламасы аясында жүзеге асырылып жатқан AP27510383 «Мектеп оқушыларының ұлттық санасын қалыптастыруға Қазақстан мектептеріндегі тілдік ландшафтының тигізетін әсері» атты ғылыми жобаның жетекшісі.

Ғалым тілдік ландшафт, көптілділік және әлеуметтік лингвистика бағыттары бойынша халықаралық және отандық ғылыми жарияланымдар мен монографиялардың авторы ретінде де танылып келеді.

Coursera платформасында жарық көрген жаңа курс – университеттің цифрлық білім беру кеңістігіндегі маңызды жетістіктерінің бірі. Бұл бастама отандық жоғары білімнің халықаралық білім беру платформаларындағы әлеуетін арттырып, әлеуметтік лингвистика саласындағы білімді кең аудиторияға қолжетімді етуге мүмкіндік береді.

Асель Утегенованы осы ауқымды әрі маңызды жетістігімен құттықтай отырып, ғылыми-педагогикалық қызметіне толағай табыстар тілейміз.

Ж.Арен



Образование без границ

Опыт академической мобильности в Малайзии

Меня зовут Алихан Ажикеев, я студент второго курса программы «Компьютерная инженерия». 26 января 2026 года в рамках программы Go Global начался мой семестр обучения в малазийском кампусе университета Heriot-Watt. Этот опыт оказал значительное влияние на мое мировоззрение и стал важным этапом личного роста и самопознания.

Малазийский кампус Heriot-Watt отличается высокой международной средой. Большинство студентов приезжают из разных стран мира, а доля местных студентов относительно невелика. Это создает уникальные условия для культурного обмена и общения с людьми самых разных национальностей. Студенты здесь очень открытые, дружелюбные и всегда готовы к общению.

Инфраструктура кампуса заслуживает отдельного упоминания. Университет открыт для студентов круглосуточно, семь дней в неделю, включая праздничные дни. Для самостоятельной работы и отдыха предусмотрены специальные пространства, в том числе Room 365 — зона с круглосуточным доступом по студенческой карте.

Одним из главных преимуществ для меня стало то, что английский язык используется повсеместно. Что касается климата, он достаточно влажный, и отношение к нему у всех разное. Однако мне особенно понравились теплый морской воздух и тропическая природа.

Мы жили в Путраджайе — современном городе, окруженном лесами, водопадами, реками и живописными маршрутами для хайкинга. При этом всего в часе езды расположен Куала-Лумпур — крупнейший мегаполис Малайзии и один из самых динамичных городов Азии.

За время пребывания мне удалось ближе познакомиться с малайской культурой и национальной кухней. Было невероятно интересно узнать и увидеть, как климат и географические условия влияют на формирование культуры, языка, гастрономических традиций и мировоззрения народа. Местные жители оказались исключительно доброжелательными



и отзывчивыми людьми. Что касается стоимости жизни, цены на продукты питания, такси и общественный транспорт сопоставимы с ценами в Актобе.

Проживание было организовано в пятизвездочном отеле с бассейном, услугами клининга и специальным автобусом до университета. Кроме того, через дорогу находился крупный торговый центр, что делало повседневную жизнь еще более комфортной.

Погружение в совершенно другую среду и общение с людьми самых разных культурных и национальных традиций — от Южной Америки до островов Полинезии — неизменно расширяют кругозор и помогают взглянуть на многие вещи по-новому.

Конечно, жизнь вдали от семьи, друзей и привычного окружения

требует адаптации. Меняется распорядок дня, привычки и способы справляться со стрессом. Однако вместе с этим появляется больше пространства для размышлений, самостоятельности и личной свободы. Для меня этот период стал возможностью лучше понять себя, свои цели и приоритеты.

Хочу выразить искреннюю благодарность университету Жубанова за предоставленную возможность и всестороннюю поддержку. На мой взгляд, одна из главных ценностей высшего образования заключается не только в подготовке квалифицированных специалистов, но и в создании условий, которые помогают студентам реализовывать амбициозные цели и раскрывать свой потенциал.

Жұбанов үздігі – 2026

ZHUBANOV UNIVERSITY ҮЗДІК ЖАСАУШЫЛАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ



Жұбанов университетінде оқу жылының қорытындысына арналған дәстүрлі «Жұбанов үздігі – 2026» салтанатты марапаттау рәсімі өтті. Аталған іс-шара білім мен шығармашылықты қатар алып жүріп, университеттің қоғамдық өміріне белсенді араласқан, ғылым, жасанды интеллект әзірлемелері, өнер және спорт салаларында жоғары жетістіктерге жеткен студенттерді қолдауға және ынтыландыруға бағытталды.

Салтанатты жиында Басқарма Төрағасы – Ректор Лаура Қарабасова сөз сөйлеп, оқу, ғылым, шығармашылық және қоғамдық қызметте ерекше белсенділік танытып жүрген студенттерге алғысын білдірді. Сонымен қатар жастардың жетістіктері университеттің дамуына және оның беделінің артуына үлкен үлес қосатынын атап өтті.

Шара барысында түрлі номинациялар бойынша үздік студенттер марапатталды. «Жылдың үздік студенті» номинациясын Heriot-Watt кампусының 3 курс студенті Аида Қадыр иеленсе, «Жылдың үздік шығармашыл студенті» аталымымен филология факультетінің студенті Әсел Ахметқызы марапатталды. Ал «Жылдың үздік волонтері» номинациясы шетел тілдері факультетінің студенті Амангүл Мейрамбайқызына табысталды.



«Жылдың үздік студенттік сенаты» номинациясының жеңімпазы жаратылыстану факультетінің студенттік сенаторы Мадина Жұмахметова болды.

Сонымен қатар «Жылдың үздік студенттер үйі», «Жылдың үздік старостасы», «Жылдың үздік әлеуметтік желі парақшасы», «Жылдың үздік спортшысы», «Жылдың үздік студенттік клубы», «Жылдың үздік дебат ойыншысы», «Жылдың үздік шығармашылық клубы», «Жылдың үздік спорттық клубы» және «Жылдың үздік I курс студенті» номинациялары бойынша жеңімпаздар анықталып, арнайы марапаттарға ие болды.

Кештің маңызды сәттерінің бірі – бірқатар студенттерге университеттің ең беделді марапаттарының бірі саналатын «Үздік студент» төсбелгісінің табысталуы болды. Бұл марапат оқу, ғылым, қоғамдық қызмет, шығармашылық және спорт салаларында жоғары нәтижелер көрсеткен студенттердің еңбегіне берілген лайықты баға ретінде бағаланды.

Іс-шара соңында белсенді студенттерге Ректордың Алғыс хаты, Әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі проректордың Алғыс хаты, сондай-ақ Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты департаменті директорының Алғыс хаттары табысталды.

Жетістікке жетелеген қолдау мен сенім

Мен екі дүркін Универсиада чемпионы және Қазақстан Республикасының жекелей чемпионатының чемпионы атандым. Білім мен спортты қатар алып жүруге жасалған қолайлы жағдайлар әр студенттің жан-жақты дамуына үлкен ықпал етеді. Сондықтан университетіміздің студенттерге жасап отырған мүмкіндіктеріне ерекше ризашылығымды білдіремін.

Бүгінде «Үздік студент» төсбелгісімен марапатталу — мен үшін үлкен мәртебе әрі зор жауапкершілік. Бұл — тек жеке жетістік қана емес, сонымен қатар университеттің, ұстаздардың және маған сенім артқан жандардың еңбегінің нәтижесі деп білемін.

Университетіміз тек сапалы білім беріп қана қоймай, жастардың жан-жақты дамуына, спортта жоғары нәтижелер көрсетуіне және өз қабілеттерін толық ашуына зор мүмкіндік беріп келеді.

Осы төрт жыл ішінде маған әрдайым қолдау көрсеткен ұстаздарыма, университет ұжымына және ректор Лаура Қарабасоваға шынайы алғысымды білдіремін. Сіздердің сенімдеріңіз бен қолдауларыңыз менің алға ұмтылуыма үлкен мотивация болды.



Алмас Тілегенов, кәсіби-шығармашылық факультетінің студенті



Жұбанов университеті – менің қалыптасу мектебім

Студенттік өмір — әр адамның өміріндегі ең қызықты әрі есте қалатын кезеңдердің бірі. Мен үшін бұл кезең Жұбанов университетімен тығыз байланысты. Қазіргі таңда 4 жыл ішінде университет маған тек кәсіби білім ғана емес, үлкен тәжірибе, жаңа орта және өзімді дамытуға көптеген мүмкіндік сыйлады деп айта аламын.

Университет қабырғасында жүрген төрт жыл ішінде қоғамдық жұмыстарға белсенді араласып, түрлі студенттік жобалар мен іс-шаралардың ұйымдастырылуына қатыстым. Белсенді студент болу маған адамдармен еркін жұмыс істеуді, жауапкершілікті сезінуді және кез келген ортада өзімді көрсете білуді үйретті. Әсіресе, студенттік өмірдің қарбалас сәттері, дайындықтар, жаңа идеялар мен шығармашылық жұмыстар мен үшін ерекше естеліктердің біріне айналды.

Менің ойымша, студенттік кезең тек сабақ оқумен шектелмеуі керек. Университетте әр студенттің өз қабілетін дамытуына мүмкіндік бар. Осы мүмкіндіктерді тиімді пайдалану — әркімнің өз қолында. Осы уақыт аралығында түрлі мәдени, қоғамдық және еріктілік бағыттағы шараларға қатысып, белсенділік танытуға тырыстым. Мұндай жұмыстар адамды жан-жақты дамытып қана қоймай, өз ортаңды табуға, жаңа достар мен жақсы адамдарды кездестіруге көмектеседі.

Мен үшін университет қабырғасындағы үлкен жетістіктердің бірі — «Үздік студент» төсбелгісін иелену болды. Бұл марапат мен үшін ерекше әсер қалдырды. Себебі кез келген еңбектің бағалануы адамға үлкен мотивация береді. Бұл тек менің ғана емес, маған әрдайым қолдау көрсеткен жандардың ортақ қуанышы деп есептеймін. Осындай марапатқа ие болу маған алдағы уақытта да өзімді дамытып, жаңа белестерді бағындыруға жігер береді.

Жұбанов университеті маған тек білім беріп қана қоймай, өмірлік тәжірибе сыйлады. Университетте өткен әрбір күн, әрбір іс-шара мен үшін маңызды. Осындағы студенттік атмосфера, белсенді жастардың ортасы маған ерекше әсер етті. Әсіресе, студенттердің бастамаларына қолдау көрсетіліп, олардың дамуына басшылық тарапынан мүмкіндік жасалатыны қуантады.

Бүгінде артқа қарап, осы төрт жыл ішінде көп нәрсе үйренгенімді түсінемін.

Университет мені тек болашақ маман ретінде емес, тұлға ретінде де қалыптастырды. Осы жолда кездескен әр адамнан, әр тәжірибеден өзіме пайдалы дүние алдым деп ойлаймын. Осындай мүмкіндік берген Жұбанов университетіне алғысым шексіз.

Қымбат Насырова педагогика және білім берудегі менеджмент факультетінің студенті



Үздік атану — үздіксіз еңбектің жемісі

Академиялық жыл қорытындысы бойынша, Жұбанов университетінде игі дәстүрге айналған «Жұбанов үздігі — 2026» салтанатты марапаттау рәсімі жоғары деңгейде өтті.

Тал бесіктен өнер мен білімге сусындаған, оқуда, ғылымда, өнерде, спортта және қоғамдық істерде оқ бойы озып шыққан талантты жастардың еңбегі еленіп, кеш барысында ең үздік студенттер марапатталды.

Филология факультетінің (6В02304 — Қазақ филологиясы) студенті ретінде «Жұбанов үздігі» төсбелгісіне ие болу — мен үшін зор мәртебе. Бұл — тек жеке жетістік қана емес, ғылым, қоғам және болашақ алдындағы үлкен жауапкершілік белгісі. Ғылыми-зерттеу, публицистикалық қызметтегі және қоғамдық бастамалардағы белсенділігімнің бағалануы — өмірлік жолымдағы айшықты кезеңдердің бірі.

Жұбанов университеті мен үшін өсу мен ізденудің, дүниетанымымды қалыптастырудың қайнар көзі болды. Мұнда мен тек білім алып қана қоймай, ой елегінен өткізуді, зерттеуді, сұрақ қойып, ақиқатты іздеуді үйрендім. Ғылыми еңбектер, түрлі жобалар, публицистика мен қоғамдық өмірге деген қызығушылық — менің кәсіби жолымның ажырамас бөлшегіне айналып, көкжиегімді кеңейтуге мүмкіндік берді.

Бұл марапат — мәре емес, таңдаған жолымның дұрыстығын айқындайтын белгі. Ол азаматтық белсенділікті сақтап, интеллектуалды ізденісті жалғастырудың, білім мен идеяны игі іске жұмсаудың маңыздылығын еске салады.

Осы жолда қолдау білдірген ұстаздарыма, тәлімгерлеріме, достарыма және барша жақындарыма шексіз алғысым.

ды білдіремін. «Жұбанов үздігі» — маған алға қарай қанат бітіріп, тынбай еңбек етуге, университеттің биік құндылықтарын лайықты деңгейде асқақтата беруге серпін берді.

Нұрсұлтан Иماشев, филология факультетінің студенті

Білім мен белсенділіктің биік белесі

2024–2025 оқу жылының екінші семестрінде академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында грант иегері атанып, Польша Республикасында бір семестр көлемінде білім алдым. Сонымен қатар түрлі ғылыми және мәдени іс-шараларға белсенді қатысып, оқу орнының халықаралық беделін арттыруға өз үлесімді қостым.

Бірқатар олимпиадаларға қатысып қана қоймай, оларды ұйымдастыру жұмыстарына да атсалыстым. Тек университет қабырғасында ғана емес, қоғам өмірінде де белсенді азаматтық ұстаным танытып, мұқтаж жандарға көмек көрсету және еріктілік шараларына бірнеше рет қатыстым.

Сондай-ақ экология мәселелеріне бейжай қарамай, қоршаған ортаны қорғауға бағытталған бастамаларды қолдап, табиғатты аялау мәдениетін насихаттауға үлес қостым.

Осының барлығы менің университет қабырғасындағы төрт жылдық өмірімнің маңызды бөлігіне айналды. Осы уақыт ішінде жеңісті де, қиындықты да қатар өткердім. Түрлі іс-шаралардың бел ортасында жүріп, олардың артында қаншама еңбек жатқанын түсіндім. Алғашында қызыға қарайтын студент болсақ, кейін сол жұмыстарды өзіміз ұйымдастырып, жауапкершілігін сезіндік.

Осыдан төрт жыл бұрын аға буын студенттеріміз «Үздік студент» марапатын иеленгенде, біз оларға қызыға қарайтын едік. Бірақ сол сәттің қадірін толық түсінбеппіз. Бүгін сол марапатты өз қолыңмен алу — ерекше сезім. Бұл тек жетістік емес, төрт жылдық еңбектің, ізденістің және тәжірибенің нәтижесі.

Осы жолда маған қолдау көрсеткен университетіме, факультетіме, ұстаздарыма, бағыт-бағдар берген аға буынға және әрдайым сенім білдірген кіші буын інілерім мен қарындастарыма алғысымды білдіремін.



Әлижан Жайбосынов, физика-математика факультетінің 4 курс студенті